

4

Бозкілемнің батыры



8

Рухани құндылық ұлықталған күн



Сыр бойы

№146-147 (21022-21023) 27 қыркүйек, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ҒЫЛЫМҒА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысына қатысып, сөз сөйледі. Ғылым мен технологияның барлық мемлекеттер үшін стратегиялық маңызы зор екенін айтып, алда тұрған келелі міндеттерді жеткізді.

— Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Заманның беталысын баршаңыз көріп отырсыздар. Жаһандық геосаяси ахуал тұрақсыз, құбылмалы, сын-қатерлер аз емес. Бірақ қытай халқының белгілі пайымдауына сенсек, дағдарыс кезінде жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір — инвестицияның, ғылым мен жоғары технологияның уақыты. Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл — аксиома. Түрлі мемлекеттер арасында технологиясы дамыған озық ел болу үшін күрес жүріп жатыр. Орталық Азиядағы бәсекелестік те күшеюде, бұл — түсінікті, заңды үрдіс. Сондықтан біз де осы салаға баса мән беруіміз керек, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында алдымызға айқын мақсат қойылғанын айтты. Соған сәйкес, Қазақстан алдағы үш жылдың ішінде цифрлық ел болуы керек, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланып, оны барлық салаға енгізу қажет.

— Бірнеше күн бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы сөзімде еліміздің даму бағдарына арнайы тоқталдым. Сондай-ақ дүние жүзінде болып жатқан үдерістерге Қазақстанның көзқарасын білдірдім. Жаһан жұрты береке-бірлікте өмір сүру үшін өзара сыйластықты, теңдік пен ынтымақтастықты таңдауы қажет. Сонда ғана мемлекеттер арасында табысты қарым-қатынас орнайды. Осы айдың басында Қытайға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Онда құны 15 миллиард доллар болатын 70 инвестициялық келісімге қол қойылды. АҚШ-қа сапарым кезінде әлемдік компаниялардың басшылығымен келіссөздер өткіздім. Оның ішінде Amazon, Meta сияқты жасанды интеллект және жоғары технология саласындағы ірі корпорациялар бар. Сондай-ақ қаржы-инвестиция саласындағы Goldman Sachs, Blackstone, Cerberus Capital Management, Citi-

group корпорацияларының жетекшілерімен кездестім. Wabtec, PepsiCo және басқа да ірі компаниялармен коммерциялық келісімдер жасалды. Сапар аясында экономикамыздың басты салаларын қамтитын 11 келісімшартқа қол қойылды, жалпы құны 5,2 миллиард доллардан асады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еліміздің келешегі жарқын болғанын қаласақ, жоғары технология мен жасанды интеллектті қазірден бастап тиімді пайдалану керек. Осыған үлкен мән берген Президент келесі басымдықтарды атап өтті.

— Сондықтан соңғы жылдары ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөліп жатырмыз. Бес жылда білім-ғылым саласына салынған инвестиция бес есе өсті. Зерттеу университеттері көбеюде, олардың өндіріспен байланысы нығайып келеді. Қазір 300-ге жуық коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша, «Университет — зерттеу — инновация — коммерция» кешенді жүйесі орнығып жатыр. Бұл үрдіске күшті серпін беріп, оны таяу арада толығымен енгізу керек. Әлемнің 40 беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнаттық. Бүгінде елімізде 33 филиал ашылды. Технология парктері және инжиниринг орталықтары құрылуда. Ұлттық Ғылым академиясының беделі нығая түсетін болды. Әр аймақта Ғылым жөніндегі кеңестер жұмысқа кірісті. Ғалымдардың мүддесін қорғауға баса мән беріп отырмыз. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды, ғылымды басқарудың жаңа құқықтық негізі қаланды. Ұлттық ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту, бұл — аса маңызды, түйінді мәселе, оны басты назарда ұстау қажет. Жас ғалымдарға барынша жағдай жасала беруі керек. Жалпы, алда әлі де көп жұмыс бар, бұл жұмысқа бәріміз бірге жұмылып, бір ұжым болып, тиянақты қатысуымыз керек. Өйтпесе, күре жолдың шетінде қалып қоямыз, — деді Мемлекет басшысы.

2-бет

/// ФОРУМ

АДАЛДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК — МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ МІНДЕТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс активімен бірге өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаймен кездесті.



Суреттері түсірген Нұрболат Нұраубай

Кездесуге Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Азамат Жолманов, зиялы қауым өкілдері қатысты. Облыс әкімі өңір халқы Президент пен Үкіметтің барлық бастамаларын қолдайтынын айтып, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстарды атап өтті.

— Мемлекеттік қызметші — еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосатын, қоғамда адалдық пен әділеттіліктің үлгісін көрсететін халықтың айнасы. Жауапкершілігі жоғары салада өздеріңізге жүктелген міндет пен жоғары сенімді ақтауда бар күш-жігерлеріңіз бен білімдеріңізді арнап, ел-халыққа адал қызмет ете беруге шақырамын, — деді аймақ басшысы.

2-бет

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА»: САНАУЛЫ ЖЫЛДАҒЫ СЫНДАРЛЫ НӘТИЖЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» «Жүйелі қайырымдылық: Тұрақтылық, серіктестік, мұра» тақырыбында IV Ұлттық қайырымдылық конференциясы өтті.



Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен 2022 жылы құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жыл сайын өңірлермен, ірі бизнес субъектілерімен және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл шеңберінде ұлттық қайырымдылық конференциясын өткізіп келеді. Конференция барысында аталған қор тарапынан атқарылған жұмыстар сараланып, жаңа бағыттар айқындалып отырады.

Сыр өңірінде өткен келелі жиынға «Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЗТБ президенті Бану Нұрғазиева, «Қазақстан халқына» қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, облыстық мәслихат төрағасы, жауапты сала басшылары, қор қызметкерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Алғашқы сөз кезегін алған облыс әкімі «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының өңір тұрғындарына көрсеткен қолдауы арқылы іске асырылған жобаларды

назарға ұсынып, өңір халқының атынан қор өкілдігіне алғыс білдірді.

— Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей бастамасымен денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу мақсатында құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатылып, бірлескен жобалар іске асып келеді. Қор құрылғалы бері 10 млрд теңгеден астам қаржы аймағымыздағы маңызды әлеуметтік жобаларға бағытталды.

Атап айтсақ, денсаулық сақтау саласына қаралған 4 млрд 800 млн теңгеге облыстық балалар ауруханасында, Жанақорған, Арал аудандарында «Қамқорлық» орталықтары ашылды. Арал ауданындағы орталық қызметін көрші Ақтөбе облысының, Жанақорған ауданындағы орталық қызметін Түркістан облысының тұрғындары да пайдаланып, оңалту шараларымен қамтылды.

3-бет

/// МЕРЕЙ

СЫРДЫҢ САҢЛАҚ ҰЛАНЫНА ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Сырдың үздік ұланына лайықты сый жасалды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев грек-рим күресінен Әлем чемпионы Айдос Сұлтанғали мен жеке бапкері Ғабиден Райымбекке алқалы жиында құрмет көрсетті. Тарихи жеңіс тіркеген Әлем чемпионын құттықтауға арналған басқосуға облыстың зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, спорт саласының ардагерлері, жаттықтырушылар мен жергілікті спортшылар қатысты. Сыр елінің ғана емес, күллі қазақтың мерейін өсірген сақа спортшыға аймақ басшысы жылы лебізін білдірді.



4-бет

Валюта бағамы

\$ 541,68 kzt

€ 636,26 kzt

₸ 6,48 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+29°



+13°

Жексенбі



+23°



+14°

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ҒЫЛЫМҒА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ

Ұлттық кеңес жиынында атом саласын дамыту мәселесі қаралды. Президент көтерілген маңызды мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта ескерілетінін айтып, өз пікірін ортаға салған ғалымдарға ризашылығын білдірді. Елдің энергетикалық қауіпсіздігін және дербестігін қамтамасыз ету – стратегиялық міндет екенін айтты.

– Біз түрлі салаға озық технологияларды енгізіп жатырмыз. Ауқымды жобалар қолға алынууда. Оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін электр энергиясы жеткілікті болуы қажет. Сондықтан біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жұмыстарын бастадық. Ең бастысы, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрдық. Жалпыұлттық референдумда атом электр станциясын салу жөнінде шешім қабылдадық. Шын мәнінде, атом энергиясы – еліміз үшін өте маңызды, қажетті қуат көзі. Біз ғана емес, күллі жаһан жұрты осы саланы дамытуға мықтап кірісіп жатыр. Дүние жүзінде 416 атом реакторы жұмыс істеп тұр. Мысалы, АҚШ-та 94 ядролық реактор бар, бірақ өзінің уран өндірісі аз, сондықтан америкалық нарықтың 24 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Францияға қатысты жағдай да сондай іспетті, 50-ден астам ядролық реакторға Қазақстанда өндірілген уран қолданылады. Қазір 31 мемлекетте ядролық энергия өндіріледі. Бұл – әлемдегі әрбір алтыншы ел бейбіт атомның игілігін көріп отыр деген сөз. Тағы жиырмаға жуық мемлекет ядролық реактор салуды жоспарлап отыр. Біз осы салада озық технологиясы бар елдермен ынтымақтастыққа баса мән береміз, – деді Президент.

Бұл ретте сондай-ақ, таяуда Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын салу бойынша жұмыстар басталғанына назар аударды. Жобаны халықаралық консорциум жүзеге асырады. Оның жетекшісі – «Росатом» компаниясы.

– Тиісті Агенттік, жалпы, Үкімет осы компаниямен келіссөздер өткізген кезде әрдайым еліміздің мүддесін ескеруі қажет, келісімдердің барлығыәділетті, теңгерімді, тиімдіболуыкерек. Табиғи байлығымызды, яғни уранды талап-таражаға салуға болмайды. Бүгін мен мұны ғалымдардың және бүкіл ғылым қауымдастығының алдында әдейі айтып отырмын. Бұл – аса маңызды мәселе. Әрине, біз бір атом электр станциясымен шектеліп қалмаймыз. Екінші, үшінші атом станциясын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек. Қытай Төрағасымен кездесуде біз осы мәселені талқыладық. Елдеріміз бейбіт атом бағытындағы ықпалдастығын күшейте береді. Қытайдың өзінде алдағы он бес жылда 76 жаңа реактор іске қосылмақ. Шығыстағы көршіміз – осы саладағы жетекші мемлекеттің бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент атом энергетикасын дамытуға стратегиялық минералды ресурстар керек екенін атап өтті. Мемлекет басшысы мәлімдегендей, Қазақстанда бұл салаға қажетті сирек кездесетін металдар жеткілікті. Қазақстан уран өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы мемлекеттің бірі. Әлемдегі уран қорының 40 пайызы – қазақжерінде. Ең бастысы осы басымдық дұрыс пайдаланылуы қажет.

– Атом станциясы салынған соң уранның экономикадағы рөлі түбегейлі өзгереді. Бұрын экспортқа ғана кетіп жатқан бұл байлық енді ішкі нарықтың қажетіне жарайтын болады. Бұл жұмысқа қазірден бастап дайындалған жөн, тиісті талдау жүргізілуге тиіс. Ғалымдарымыз осыны ескеруі керек. Жалпы, елімізде атом саласының ғылыми негізі бұрыннан бар. Кезінде әйгілі академик Қаныш Сәтбаев КСРО Министрлер кабинетіне хат жазып, Қазақстанда ядролық физиканы дамыту мәселесін көтерген. Көп ұзамай 1957 жылы Алматыда Ядролық физика институты ашылды. Міне, сол кезеңнен бастап елімізде әлемдік талапқа сай ғылыми-технологиялық инфрақұрылым қалыптаса бастады. Астана, Алматы және Курчатов қалаларында арнайы қондырғылар іске қосылды, онда отандық және шетелдік ғалымдар белсенді жұмыс істеуде. Бертінге дейін Қазақстан, негізінен, шикізат экспорттады. Енді біз ядролық отын цикліндегі өңдеу үлесін дәйекті түрде арттырамыз. Мысалы, 2021 жылы елімізде жылу бөлетін топтарта шығаратын зауыт ашылды. Атом электр станциясы бұл саладағы өндірістік циклді толық аяқтауға мүмкіндік береді. Соның арқасында атом энергетикасы сыртқы нарыққа тәуелсіз, ұлттық салаға айналмақ. Бұл – өте күрделі жұмыс. Сондықтан ғалымдарымызға зор жауапкершілік жүктеледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы тағы бір маңызды мәселені көтерді. Еліміздің атом ғылымындағы жағдайда бірінші кезекте осы саланың кадрлық әлеуетін арттыру өзекті екенін айтты.

– Елімізде білікті инженерлер, техникалық мамандар тапшы. Бұл – шын мәнінде, өте өзекті мәселе. Атом саласындағы жағдай да дәл осындай. Ахуалды жедел түзеу керек. Бүгінде жоғары оқу орындарын бітіріп жатқан түлектердің 90 пайызы – бакалаврлар. Ал ғылым докторларының үлесі 1 пайызға да жетпейді. Сондықтан докторантураға бөлінетін грант санын көбейту қажет. Әсіресе, техникалық мамандықтарға басымдық берген абзал. Менің тапсырмам бойынша «Болашақ» стипендиясының 70 пайызға жуығы техникалық-инженерлік мамандық иелеріне беріле бастады. Былтыр жасанды интеллект саласына жыл сайын 50-ден астам стипендия бөлу туралы шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап атом мамандарын дайындау үшін жылына 20 квота беріледі. Мұны технократ ұлт болу жолындағы маңызды қадам деуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ қазір жер қойнауын игерушілер өз табысының бір пайызын ғылымды дамытуға бөліп жатқанына мән берді. Бұл салық емес, оны еліміздің технологиялық әлеуетін арттыруға үлес қосу деп түсіну қажеттігін айтып, Үкімет осы қаражаттың бір орталықтан үнемді, тиімді әрі ашық жұмсалатын қамтамасыз етуге тиіс деп нақтылады.

Президенттің ұлттық кеңес отырысында мемлекеттік саясаттың негізгі мақсат-міндеттері жайындағы ойымен бөлісті.

– Менің негізгі миссиям – қазіргі алмағайып кезеңде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлеуметтік-экономикалық дамудың берік іргетасын қалау. Бұл туралы ұдайы айтып келемін. Менің барлық шешімдерім осы өзекті міндеттерді іске асыруға бағытталған. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің енгізу – іргелі әрі ұзақ процесс. Оның әлем экономикасына жанама әсерлері мен ықпалын мұқият зерделеп, анықтау қажет. Алайда бұл технологиялық үрдіс бүкіл халықтар мен мемлекеттердің келешегін айқындайды. Бұл салада қатып қалған қағида жоқ. Сондықтан біз жылдам қимылдап, ең бағыл шешімдер қабылдаудан қорықпауымыз қажет. Сонда ғана біз өзімізге жүктелген тарихи миссияны орындай аламыз, яғни қалыптасып жатқан жаңа әлемнен лайықты орнымызды аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, атом саласының ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейту ісінде халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор. Ал елде бірінші атом электр станциясын салу – ауқымды жұмыстың басы ғана. Бұл ретте атом энергетикасы бағытындағы жұмыс бір ведомствоның немесе саланың аясында шектеліп қалмауға тиіс. Осындай маңызды мәселелер қатарында Қасым-Жомарт Тоқаев жұрттың қаржылық, ақпараттық, цифрлық және басқа да саладағы сауатын арттыру мәселесін көтерді. Ғалымдардың ағартушылық миссиясына ерекше назар аудару қажеттігін алға тартты.

– Сіздер әр саланы терең білесіздер. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын жақсы түсінесіздер. Соны жастарға айтып жеткізу керек. Олардың бойында әлеуметтік оптимизм қалыптастыру өте маңызды. Заман күрделі болса да, біздің бағытымыз – дұрыс. Еліміз қиындықтың бәрін еңсеріп, үздіксіз дамып келеді. Бес жылда Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 181 миллиардтан 291 миллиард долларға көбейді. Быылғы 8 айдың өзінде экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Еліміздің халықаралық резерві мен Ұлттық қордың активі 116 миллиард доллардан асты. Соның ішінде халықаралық резервіміз рекордтық деңгейге жетіп, 54,6 миллиард доллар болды. Мұның бәрін басқа мемлекеттер, беделді ұйымдар көріп отыр, мойындап жатыр. Мысалы, Standard and Poor's агенттігі бұған дейін еліміздің дамуын «тұрақты» деп болжап келді. Енді «жағымды» деген болжам жасауда. «Сырт көз – сыншы». Әлем қауымдастығының Қазақстанға деген сенімі біздің дұрыс жолмен келе жатқанымызды көрсетеді. Алайда халықаралық рейтингтерде жоғары орын иелену – біз үшін мақсат емес, оның үстіне бұл тоқмейілісуге себеп бола алмайды. Біз мұны түсінуіміз керек. Біздің басты міндетіміз – халықтың әл-ауқатын ұдайы арттыру және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейту. Дәл сол себепті біз қиын да күрделі өзгерістер арқылы реформалар жүргіземіз. Бұл оңай жол емес. Елімізді басқаша өркендеті алмаймыз. Бәріміздің мақсат-мүддесі – бір. Бұл – Әділетті, Құатты, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құру. Бұл іске ғалымдар қауымы мол үлес қосады, деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

1-бет

Қ.ӘБІШ

/// ФОРУМ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АУЫЛҒА ЫҚПАЛЫ



Кеше Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Ауылдық аймақтарды дамытудағы азаматтық қоғамның рөлі» атты форум өтті. Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, форумға Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбен, Қазақстанның Азаматтық альянсы президенті Бану Нұрғазиева, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Жанаргүл Әлжанова, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, Орталық Азиядағы Еуразия қорының директоры Ринад Темірбеков, еліміздің бірқатар өңірінен қонақтар мен жауапты сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы азаматтық сектор халық пен биліктің арасында алтын көпірге айналған ортақ алаң екенін айтты.

– Бүгінде еліміздің дамуын айқындайтын көрсеткіштердің бірі – азаматтық сектор. Мемлекеттің табыстылығы үкіметтік емес ұйымдардың жемісті әрі тиімді қызметіне тікелей байланысты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның

мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет» деп атап өткен болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында облыста 15 қоғамдық ұйым болса, бүгінде олардың қатары мыңға жуықтады. Оның 300-і өңіріміздің қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өміріне белсенді араласуда. Бұл қоғамда азаматтық жауапкершілік пен белсенділіктің артқанын айқын көрсетеді.

Барлық ауданда үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестер, жүзеге асырылатын жобалардың тиімділігі мен өзектілігін бағалайтын сарапшылық

АДАЛДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ МІНДЕТІ



Актив отырысында Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметті дамыту, кәсібилендіру, іріктеу процестерін жетілдіру, қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген модельді қалыптастыру бағытындағы кешенді шаралар туралы айтты.

– Мемлекеттік қызмет саласындағы ашықтық, әділеттік және әрбір азамат үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге қатысты өзгерістер енгізілуде. Өткен жылы Президент Жарлығымен мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Онда мемлекеттік қызметшілердің жұмыс тәсілін өзгертіп, бұл қызметтің жаңаша өріс алуына мүмкіндік тудырды, – деді ол.

Агенттік төрағасының айтуынша, енгізілген өзгерістер бірқатар ілгерілеуге негіз болып отыр. Мәселен, басқарма басшысын тағайындау үшін 2023 жылға дейінгі заңда тек мемлекеттік қызметте 7 жыл өтілі немесе екі жыл басып лауазымда болуы керек-ті. Бұл жеке сектордан білімді, білікті мамандардың келуін шектеді. Енді бұндай талап қойылмайды, білімі мен жұмыс істеген саласындағы жұмыс өтілі қарастырылады. Соның нәтижесінде бір жарым жылда 800-ден аса адам жеке сектордан мемлекеттік қызметтің басшы лауазымына келген. Оның ішінде құрылысшы, ветеринарлық, санитарлық, тағы басқа қажетті мамандардың келуіне жол ашқан.

– Біз тұжырымдаманы іске асыру барысында мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды әзірледік. Ол мемлекеттік қызметтің талаптарын жаңаша айқындайтын болады. Бұған дейін бұл саланың миссиясы анықталмаған болатын. Ал жаңа заң қазіргідей тек еңбек қатынастарын, яғни мемлекеттік қызметке кіру, өткеру және тоқтату мәселелерін реттеумен шектелмей, ең бастысы мінез-құлқының адамға бағдарланған үлгісін бекітуді көздеп отырмыз. Бұл 10 баптан тұрады. Заң жобасында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі, олардың әлеп нормаларына сай болуын, адамгершілік қасиеттерін, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге адалдығын қамтамасыз етуге бағытталған мінсіз

1-бет

топтар жұмыс істейді. Әкімдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялардың жұмысына 190 үкіметтік емес ұйым өкілі белсенді қатысады.

Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс арқылы азаматтық қоғам институттарына қаржылай қолдау көрсетіліп келеді. 2023-2025 жылдары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында бюджеттен 3 млрд 684 млн теңге қаражат бөлініп, 427 әлеуметтік жоба іске асырылуда, 3 мың адам жұмыспен қамтылған. Әлеуметтік жобалардың 200-ге жуығы ауыл тұрғындарының қатысуымен ұйымдастырылды. Басым бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге, қоғамдық келісімді, ұлттық бірлікті нығайтуға, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге бағытталған.

Қоғамдық қауымдастықтың көшбасшылары ретінде бәрімізді Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құру жолында халықтың бірлігін арттыруға, егемен еліміздің жарқын болашағына бірлесе қызмет етуге шақырамын! – деді облыс әкімі.

Форумда Н.Байқадамов, М.Әбен, Р.Темірбеков, Л.Шыңғысбаева, Ж.Әлжанова, Б.Нұрғазиева сөз сөйлеп, азаматтық қоғам институттарының маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ өңірдің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан азаматтарға облыстың Құрмет грамотасы, облыс әкімінің, Қазақстанның Азаматтық альянсы төрайымының Алғыс хаты табысталды.

Форумға дейін Сырдария ауданының Нағи Лиясов, Бесарық ауылдарында халықтың отырыстар өткізілді. Онда ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешу, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, қоғамдық бақылау жүргізуге үкіметтік емес ұйымдарды тарту мәселелері қозғалды. УЕҰ туралы жаңа заң жобасы талқыланып, тиісті ұсынымдар қабылданды.

«СБ» ақпарат

қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөлді мемлекеттік қызметшілер институты атқарады.

Агенттік мемлекеттік қызметтің сервистілік, клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген модельді қалыптастыру, кәсібилендіру, білік институттарын дамыту бағытындағы жұмыстарға бастамашы болып келеді. Бүгінгі жиынның маңыздылығын ескеріп, форум барысында тиімді ұсыныстар мен байланып бастамалар талқыланып, сенімдімін, – деді облыс әкімі.

Д.Жазықбай мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет екенін айтып, маңызды бастамаларға тоқталды.

– Барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ұстаным болуға тиіс. Бұл – ешқандай құқықбұзушылыққа жол бермеу, яғни, кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Мемлекет басшысының бастамаларын сапалы жүзеге асыруда мемлекеттік қызметшілер шешуші рөл атқарады, – деді агенттік төрағасы.

Форум жұмысында Әдеп жөніндегі уәкілдің міндеттері, оған қойылатын талап пен құқықтары да айтылды. Себебі, кейінгі кезде оны бір жылдың ішінде екі рет ауыстырып жатқан мемлекеттік органдар бар. Енді Әдеп жөніндегі уәкіл агенттіктің тікелей қарамағында болмақ. Олар іссапарға жіберіліп, профилактикалық жұмыстарды тергеп-тексеруде ықпалы артады.

Сонымен қатар, жанартылған ант мәтінін талдаудың маңызы да басқосуда талқыланды. Бұл заң алдындағы уәде емес, әр алдындағы серт екенін есте сақтау керек.

Жиында Н.Байқадамов «Мемлекеттік қызметшілердің адамдардың құқыққа қайшы әрекеттерінен қорғау», А.Жолманов «Мемлекеттік қызметтің құндылықтары: Антқа адалдық» тақырыбында баяндама жасады.

Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында елеулі еңбек еткен ардагерлерге ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ аймақтың өркендеуі жолында елеулі еңбек еткен мемлекеттік қызметкерлер ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуші» грамотасымен, агенттік төрағасының Алғыс хатымен марапатталды.

Басқосудың екінші бөлімінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, профилактика қызметі туралы мәселелер талқыланып, панельдік сессия өтіп, Әдеп жөніндегі уәкілдердің өткен жылғы және бірінші жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелеріне жасалған талдау қорытындыланды.

Форум қонақтары мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті, Президент жанындағы мемлекеттік басқару академия филиалының ұжымымен, өңірлік кадр резервдер мүшелерімен, студенттермен және жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің тыңдаушыларымен кездесті.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

СЫРДЫҢ САҢЛАҚ ҰЛАНЫНА ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



– Бүгін – біздің өңіріміз үшін ерекше қуанышты күн. Спорт әлеміндегі биік белесті бағындырып, Тәуелсіз Қазақстаннымыздың атын төрткүл дүниеге танытқан жерлесіміз, мақтанышымыз Айдос Сұлтанғалиұлын грек-рим күресінен Әлем чемпионы атауымен құттықтау үшін арнайы бас қостық.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Спортшыларымыздың ерлігі – ел рухын көтеретін, ұлт бірлігін нығайтатын маңызды фактор» деп ерекше атап өткен болатын.

Айдос Сұлтанғалиұлы жақында Хорватия астанасы Загреб қаласында өткен ересектер арасындағы грек-рим күресінен Әлем чемпионатында араға 26 жыл салып, қазақ спорты тарихындағы теңдессіз жетістікке қол жеткізді. Осы тарихи жеңіс барша қазақ елінің, Сыр жұртшылығының мерейін үстем етті.

Грек-рим күресінен Әлем чемпионатының алтын медалін елімізге соңғы рет 1999 жылы Грекияның Афины қаласында өткен дүбірлі додада Мхитар Манукян (63 кг) алып келген болатын. Араға ширек ғасыр салып, жерлесіміз Айдос Сұлтанғали әлемдік аренада топ жарды.

Чемпионнымызды Мемлекет басшысы арнайы құттықтап «Айдос – грек-рим күресінен осы ғасырдағы тұңғыш жеңімпаз» деп жоғары бағалады.

Бұл жеңіс – жас балуандарымызға үлгі-өнеге, еліміздің спортына серпін беретін жоғары жетістік.

Айдос бауырымыздың жеңісіне бапкері Ғабиден Райымбекұлының сіңірген еңбегі зор. Ол тек спортшыны емес, нағыз батыр азаматты тәрбиелеп шығарды. Шәкіртінің әрбір жеңісі бапкерінің мандай терінің жемісі деп санаймыз.

Бүгінгі мерейлі сәтте барша Сыр жұртшылығының атынан Айдос бауырымызға, бапкері Ғабиденге жана пәтер кілттерін, «Қор» мұнай компаниясының қолдауымен су жана автокөліктің кілтін табыстауға рұқсат етіңіздер.

Айдосқа бұған дейін де мемлекет, облыс тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Өткен жылы еліміздің, өңіріміздің жанашыр азаматы Бақдәулет Еркінбекұлының демеушілігімен автокөлік табысталған. Бұдан бөлек, ай сайын 1 млн теңге мемлекеттік стипендия беріледі. Бұл қолдау әрі қарай жалғасады. Біз батырымызды әрдайым бабында болуы үшін қолдап, қорғауымыз керек. Алдағы Олимпиада ойындарында жеңіс тұғырынан көрінуіне жан-жақты жағдай жасаймыз, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұмағали Киікбаев сөз сөйлеп, құттықтау лебіздерін жеткізді.

Басқосуда сөз алған грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Денешынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Ғабиден Райымбек, грек-рим күресінен спорт шебері, Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының мүшесі, республикалық, халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, Әлем чемпионы Айдос Сұлтанғалиұлы көрсетілген құрметке алғыс білдірді.

Еске салайық, өңірде спорт саласын дамыту бағытында ауқымды жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыс атқарылды. Кейінгі 3 жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді, биыл тағы 6 нысан ел игілігіне табысталады.

1-бет

«СБ» ақпарат

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАУАПТЫ МАУСЫМҒА ТОЛЫҚ ДАЙЫН

Жылу беру маусымы басталуға жақын. Жылда ескірген құбырлар мен тозығы жеткен құрылғыларды ауыстырып дайындық жүреді. Биыл да бұл үрдіс жалғасын тапты. Мәселен, жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 13,5 млрд теңге қаржы жоспарланған. Оның ішінде республикалық бюджеттен 5 млрд теңге, Үкімет резервінен 2,5 млрд теңге, облыс қазынасынан 5,6 млрд теңге, кәсіпорын қаражаты есебінен 364 млн теңге.

«Қызылорда жылу-электр орталығында» Үкімет резерві мен жергілікті бюджеттен қаралған қаржы есебінен Оңтүстік қазандықтағы «Боно энерджи» маркалы үш бу қазандығына жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қалған екеуі осы айдың аяғына дейін жеткізіледі. Барлық жұмыстар 10 қазанға дейін толық аяқталмақ.

Сонымен бірге жергілікті бюджет пен кәсіпорын қаражаты есебінен 1 генератор, 4 трансформаторды жаңғырту, 10 бу қазандығы мен 21 автономды қазандыққа жөндеу жұмыстары жоспарланды.

– Жылу беру маусымына дайындық бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қазіргі уақытта 35 кВт ашық тарату қондырғысы (ОРУ-35 кВт) жөнделуде, қалған негізгі жабдықтардың жұмыстары толығымен аяқталды. Жалпы негізгі жұмыстың 92 пайызы орындалды, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин.

Өңірде 217 шақырым жылу желілері бар, оның 42 пайызы тозған. Биыл 8,7 шақырым жылу желілерін қайта жаңғыртуға бюджеттен 3,6 млрд теңге бөлінді. Бүгінде оның 6,5 шақырымы ауыстырылған. Құрылыс-монтаж жұмыстары 5 қазанға дейін аяқталады деп күтілуде. Ал электр желілерін жаңғыртуға 5,9 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражатқа 280 шақырым электр

желілері мен 87 қосалқы станция жөнделуде. Қазіргі таңда 43,8 шақырымға күрделі жөндеу және 15,9 шақырымға ағымдағы жөндеу жүргізіліп, толық аяқталды. Ауылдардағы әуе желілері 90 пайызы жаңғыртылды.


Аймақта 1079 әлеуметтік нысан бар. Оның ішінде 544 білім беру, 247 денсаулық сақтау, 288 мәдениет және спорт нысандары. Барлығы жылу беру маусымына толық дайын.

«Қызылорда жылу электр орталығының» негізгі отыны – газ, резервтік түрі – мазут. Қазіргі уақытта 4233 тонна мазут қоры бар. Сондай-ақ автономды қазандықтарға қажетті 77,7 тонна дизель сатып алуға қосымша қаржы қарастырылып отыр.

– Биыл өңірге 139 мың тонна көмір қажет. Оның ішінде халыққа 117 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 22 мың тонна. Қазір 30,6 мың тонна көмір келіп тұр. Бағасы маркасына және жеткізу қапықтығына қарай 17-26 мың теңге аралығында сатылуда, – дейді басқарма басшысы.

Жалпы аймақта жылу беру маусымына дайындық жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіліп, негізгі нысандар белгіленген мерзімде пайдалануға берілмек.

**Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»**



Хорватия елінен жеткен ақжолтай хабар барша қазақ баласына қуаныш сыйлады. Шартараптан келген балуандар аптадан астам уақыт бойы бозкілем үстінде кімнің мықты екенін дәлелдеді. Әлем чемпионатында 60 келіде жеңімпаз тұғырынан көрінген жерлесіміз Айдос Сұлтанғали қарсыласының барлығын қоғадай жапырып, жұмыр жер жұртшылығы алдында тәуелсіз еліміздің тұғырын биікке көтерді. Бұл – еншімізге ширек ғасырдан астам уақыттан кейін бұйырған бас жүлде.

БОЗКІЛЕМНІҢ БАТЫРЫ

«АЯНАТЫН НЕСІ БАР...»

Дүниежүзілік додаға қашанда тәжірибелі спортшылар келеді. Кіл мықтының арасынан кімнің мықты екені таразыланады. Бала кезінен күрестің қыр-сырына қаныққан Айдос бұл жолы чемпиондық атаққа қол жеткізу үшін барынша күш салды. Алқалы жұрттың алдында көзді ашып-жұмғандай қысқа уақытта жеңімпаз анықталады. Мұны балуандар жақсы түсінді. Қазірге дейін Әлем чемпионатында екі мәрте қола жүлдені қанағат тұтқаны тағы бар. Қысқасы, осындай жағдайлар Сыр оғланын ширектің түсті.

Айдос Әлем чемпионатында алдымен АҚШ спортшысы Максвелл Блэкті 7:1 есебімен тізе бүктірсе, одан кейін Олимпиаданың қола жүлдегері Се Ун Риден (Солтүстік Корея) басым түсті. Корея балуанымен өткен кездесу жерлесімізге оңай соқпады. Бұл жөнінде Айдостың өзі де айтып берді.

– Солтүстіккореялық балуанмен бұған дейін екі рет шеберлік байқасқан едік. Ыңғайсыз қарсылас екенін жасырмаймын. Сол балуанмен кішкене қиындықтар болды. Құлағымға қарсыластың шынтағы тиді, содан қасым жарылды. Құлағым кішкене ауырсынды. Бірақ сол арада таңғышты орап, әрі қарай күресу керек болды. Алтынға бір қадам қалғанда аянатын несі бар, қас жарылса да, қалай болғанда да сол алтынды жұлып алып кету керек еді, – дейді Айдос ағынан жарылып.

Финалда өзбекстандық Алишер Ганиевпен күш сынасты. Белдесудің қорытындысы бойынша Айдос 9:0 есебімен жеңіске жетті. Осылайша отандасымыз жеңіс тұғырына көтеріліп, әлем алдында Қазақстан абыройын аспандатты.

– Дүбірлі додаға өз деңгейінде әзірлігімізді жүргізе алдық. Әрине, спортта әрдайым ойлағаның жүзеге аса бермейді ғой. Ұлттық құрамадағы өзге де балуандар жүлде үшін барын салды. Сәтсіздік те алдыңды орайды. Бозкілем үстінде түрлі жағдай кездеседі. Өкініштісі, оларға жүлде бұйырмады. Бірақ бәріміз бабымызда едік. Әр белдесуден соң одан сайын жігерлендік. Шаршаудың орнына ширғаға түстік. Алға қарай ұмтылдық. Өзге балуандар алдағы уақытта толайым табыспен қуанғанды деп ойлаймын. Жарыс барысында жеңіс те, жеңіліс те кездесіп жатады, – деді Айдос.

«ҮЙІРМЕГЕ ЕКІНШІ СЫНЫПТА КЕЛГЕН ЕДІ»

Жерлесіміз енді сәл тынығып алып, алдағы жарыстарға дайындығын пысықтайды. Ұлттық құрама жақын уақытта қайтадан оқу-жаттығу жиынын

бастайды. Алда Азия ойындары жақындап келеді. Әлем чемпионатында құрлықтық бәсекеге жолдама берілді. Сол айтулы сайыста тағы бір мәрте жеңіс тұғырынан көріну – негізгі мақсаттың бірі.

– 2028 жылғы Олимпиада ойындарына дейін әлі үш жылдай уақыт бар. Әзірге ол жайлы алысқа ой жүгіртпей-ақ қоялық. Әрбір спортшының басты мақсаты – Олимпиада ойындары. Бәрі ойдағыдай өтіп, онда бақ сынау мүмкіндігі туып жатса, топ жаруды көздеймін, – деді Айдос тағы бір сөзінде.

Сыр саңлағы 2024 жылғы Париж Олимпиадасында бақ сынады. Десе де ол жолы жүлделі орындарға қол жеткізе алған жоқ. Білікті мамандар Айдостың мүмкіндігі жоғары болғанын айтқан еді.

Айдос Сұлтанғали 1996 жылы 7 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Оған Виктор Юн және Ғабиден Райымбек сынды бапкерлер тәлім берді. Жастар және жасөспірімдер арасындағы түрлі бәсекелерде топ жарған жерлесіміз ел сенімін ақтап келеді.

– Шәкіртім грек-рим күресі үйірмесінің есігін екінші сыныпта оқып жүргенде ашқан еді. Бала кезінен ерекше қабілетімен көзге түсті. Үйреткен әрбір әдіс-тәсілді жылдам меңгеріп алатын. Оны жарыс барысында шебер қолданып, қарсыласын талай мәрте қапы қалдырды. Сегіз-тоғыз жасынан ерекше танылды. Білікті мамандар шәкіртімің шеберлігін ерекше бағалайтын. Елімізде жасөспірімдер арасындағы бәсекелерде көбірек көзге түсті. Оған қоса бала кезінде атқа құмарлығы байқалатын. Бәйгеде шабандоз ретінде қатысып, талай мәрте жеңімпаз атанғанын білеміз. Беріде Айдос Солтүстік Қазақстан облысында спорт-интернатта тәлім алды. Одан кейінгі өмір жолы көз алдымызда өтіп жатыр. Әржарысқа бірге дайындаламыз. Қазір Айдостың тәжірибе жинап, нағыз толысқан шағы деп ойлаймын. Шәкіртімің басты ерекшелігі – жарыстың қай-қайсысына да үлкен жауапкершілікпен қарайды. Алар асуы әлі алда деп білемін, – деді жеке бапкері Ғабиден Райымбек.

АҚ БАТАНЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Айдостың есімі күрес әлемінде ерте танылды. Ол 22 жасында Венгрия астанасы Будапештте (2018 жыл) өткен Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Бұл жетістігін 2022 жылы Сербия астанасы Белградта өткен дүбірлі додада тағы бір мәрте қайталады. 2021 жылы Алматыда өткен Азия біріншілігінде топ жарды. Десе де, талантты балуан Токио Олимпиадасынан сырт қалып, өзінің командаласы Мейрамбек Айнағұловқа жол берді.

– Қазір қандай сезімде екенімізді

сөзбен айтып жеткізу қиын. Әр ата-ана үшін баласының жетістігі – ерекше қуаныш. Әлем чемпионатын тамашалаған сәттегі сезімді сөзбен айту қиын. Еліміздегі барша жанкүйер Айдостың тілеуін тілеп, жеңіске жетуіне қолдау білдірді. Барша халықтың сенімі Айдосты арқалаңдырып, күш-жігер берді. Несін жасырайын, ұлымның жеңіске жететініне сендім. Әрине, қай қарсыласы да осал болған жоқ. Көңілімізде үміт те, күдіктің де болғаны рас. Ұлымды әр сапарына өзім шығарып саламын. Әуежайда ақ батамды беремін. Қашанда оның амандығын тілеп, жеңісті жолын жалғастыруына дұғада боламын, – деді әкесі Сұлтанғали Кеулімжаев.

Ал анасы Аппа Самилова да баласының белдесуін назардан тыс қалдырмаған. Ол кез келген ата-анаға сабыр мен төзім керектігін тілге тиек етті. Әсіресе спорт жолын тандаған балаға қолдау аса маңызды. Ата-анасы Айдосты кішкентайынан спортпен алаңсыз айналысуына барынша қолайлы жағдай жасап келеді. Өзге дүниеге алаңдата бермейді. Уақытылы демалуын бақылайды.

Грек-рим күресінен ұлттық құраманың бас бапкері Қонысбек Төкенов баспасөз өкілдеріне берген сұхбатында шәкіртінің табысына жоғары баға беріп, алдағы жоспарымен бөлісті.

– Айдос бұған дейін рейтингтік турнирде өзбек балуанымен кездескен еді. Сол бәсекеде қарсыластың мерейі үстем болды. Ал Айдос Әлем чемпионатының финалында осы қарсыласын 9:0 есебімен тізе бүктірді. Алда Азия ойындары күтіп тұр. Онда да бәсекелестік деңгейі өте жоғары болады. Қараша айының аяқ шені мен желтоқсан айының басында ел чемпионаты өтеді. Онда ұлттық құраманы жасақтаймыз. Алдымызда екі жарыс күтіп тұр. Алдымен Азия ойындары өтсе де, одан кейін тағы бір мәрте Әлем чемпионатында бақ сынаймыз. Балуандарды ел чемпионатынан босатпаймыз. Сөбебі ішкі бәсекелестік деңгейін көтеру қажет. Ендігі кезекте балуандар жеке бапкерлерімен ел чемпионатына дайындалады. Алдағы мақсатымыз – Олимпиада чемпионы. Оған Айдос секілді шәкіртіміз қол жеткізеді деген сенімдемін, – деді ұлттық құраманың бас бапкері.

Әлем чемпионатынан табысты оранған балуанды жерлестері ерекше сән-салтанатпен күтіп алды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаз бен жеке бапкеріне жүрекжарды лебізін білдіріп, жерлестері атынан сый-сияпат көрсетті.

**Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»**



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен және облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Абай еліндегі Қызылорда облысының өнер күндеріне, Абай облысының тарихи орындары мен ұлы Абайдың туған жеріне Қызылорда, Байқоңыр қаласы және аудандардан 52 ардагер жолға шықты. Бізді облыстық ардагерлер кеңесінің өкілі Мақсұт Баекеев бастап барды. Жол ұзақтығына қарамастан, ардагерлер Абай елін, қазақтың біртуар тұлғасы Құнанбай сұлтанның, Шәкәрім ақынның мекенін көзбен көретіндерін мақтаныш сезіммен айтып, олар жайлы тереңнен сөз қозғай түсті. Әңгіме қызды-қыздымен түннің біруағына дейін жалғасты.



ӨЛКЕЛЕР РУХЫН ЖАҢҒЫРТҚАН ӨНЕР КҮНДЕРІ

Қоғам қайраткері, қаржы саласының ардагері Қалқазбек Әжібеков: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп-білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады...» дейді дана Абай он тоғызыншы қарасөзінде. Көрдіңіздер ме, Абайдың ойшылдығы мен шыншылдығы астарында қалай айшықтанып жатыр. «Естілерден естіп-білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса» дейді, қиыннан қиыстыра отырып сенің зердеңе қандай сәуле отын жағып тұр десенші?! Міне, Абайдың ұлылығы» деп әңгімесін аяқтай берген-ді.

Арасын сұыптай Құнанбайдың далалығы мен көрегендігі жайлы республикаға танымал ақын Алтай Үсенов жалғай түсті:

– Тойғұлы – Мамай руының байы. Қыс айында Құнанбаймен құда болыпты. Ұлжан анасының айтуымен осы тойға Абай мен Ербол жол үсті соға кетуді ойлайды. Тойға келсе әкесі Құнанбай жанында Қаратай, жорға Жұмабай, Жақып сияқты үзенгілестерімен отырған көрінеді. Осы жерде сөзуар Қаратай бай жас кезіндегі әкелер заманын еске алып, бүгінгі заманның азғанын, жастардың құнарсыз болып бара жатқанын сөз етеді.

Сонда Абай қиғаш жауап береді. Бұрынғы заманның кемшілігін тізіп береді. Туысқан жандардың бір-бірін шауып кетіп, бір-бірімен дұрыс араласа алмағанын бетке басады. Сол аламан шабыс пен тартыстан тамақ та іше алмай, дұрыс ұйқы да болмағанын жеткізеді.

Сыртқа шыққан сөтте салқын жүзбен Абайға қарап:

– Сен оқыдың да, білім алдың, ұстаз көрдің. Біз надан өстік. Бірақ сол білімің жұрт алдында ата сыйлауды неге білдірмейді саған? Көп көзінше таласып кеп, әкенді сүрінткенде не мұратқа жетпексің, – деп оңашада ойын білдіреді. Бұл Құнанбайдың адами биіктігінің, парасат-пайымының белгісін білдіреді. Өйткені көп ішінде жас Абайдың сағын сындырмауды ойлағаны еді, – деп тоқтады Алтай ақын.

«Уақыт біраз болды көкелер, демалайық» деп жолсерік ескертпегенде, әңгіме-дүкеннің таңға дейін ұласары анық еді.

Мынадай терең ойлы, әсерлі әңгімеден кейін біраз ой кешіп кетіпін. «Батыстан – үлгі, Шығыстан – өнеге» деген тәмсіл барын ел жақсы біледі. Енді осындай дүрбеленге толы заманда кейбір жандар «Батыстан не алуға болады?» деуі мүмкін. Ол жақтан нақты демократияны, құқықтық мәдениетті, дамыған ғылым мен озық технологияны, бәсекелестік тәжірибені. Осы жерде айта кетейік, ғылым мен технология қазір Шығыста қарқынды дамуда.

Ал енді «Шығыстан не алуға болады?» дегенге тоқталсақ. Даналықты, тәлім-тәрбиенің, дәстүрдің озық үлгілерін, жауапкершілікке мойынсұнуды, елжандылықты, еңбекқорлықты. Шындығына келгенде, ел дамуы ғылым мен техникаға ғана тіреліп тұрған жоқ, жан-жақты ынта мен жігерге, сана мен түйсікке де байланысты.

Мәселен, Жапонияда үш нәрсеге барынша көңіл бөледі екен. Табиғатты аялау, бабалар рухына тағзым ету, үйде де, түзде де тазалық сақтау. Енді қызығы, олар дәрежі, балағат сөздерді ешқашан қолданбайтын көрінеді. Керек болса, сөздік қорында жаман сөздер сирек екен. Міне, өнеге деген осы емес пе? Бұл жағы бүгінде бізге керек-ақ. Жана Қазақстан, Таза Қазақстан үшін қажет.

Жалпы шығыста ата-ананы, үлкенді сыйлау, ұстазды құрметтеу жазылмаған заңдылық. Конфуций өзін күн сайын «Ұстазымның айтқанын есте сақтап, орындап жүрмін бе?» деп тексеріп отырған деседі.

Біз бүгінгі казак қоғамының ағымына қарай, тыныс-тіршілігіне сай, мәдениетін, әдебиетін, тілін, дінін, ділін, дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды, отбасылық және қазақи құндылықтарымызды назарда ұстап, жан-жақты насихаттап отырғанымыз жөн. Абайдың жолымен, айтқан сөздерін есте сақтасақ, ешкімнің артында қалмаспыз анық. Кеменгер Абайдың қарасөздігі берген іліміз кез келген ойшылдың ілімінен асып түспесе, кем түспейтіні шындық.


Ертеңіне ұйқыдан тұрсақ, Жетісу өңірінің орталығы Қонаев қаласындағы Қапшағай су қоймасын жиектеп келелі екенбіз. Жал-жал толқын жағаны

ұрып, су беті тынымсыз қозғалыста. Кеше түндегідей емес, ардагерлердің шаршағаны байқалады. Соңы түске таяу ұйқыдан оянып жатты. Құнанбай мен Абай жайлы әңгіме қайта басталды. Бұл жолғы Құнанбай мен Сырдағы атақты Мырқы бидің арасындағы сыйластық жайы біршама қаузалды. Меккеге барғанда басталған құрылыс жұмысы аяқталуға сәл қалғанда қарыз ақша алғаны жайлы әркім білгенін, естігенін айтып жатты. Құнанбайдың үлкен қажылыққа бара жатқанда Қалжан ахуннан бата алғаны жайында сырдың ұштығын журналист Бейбітбек Бүркітбайұлы тарқатты. Сыр бойындағы тарихта аттары қалған бектер мен билер, даққалар жайында облыстық білім басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғалым Бекенов ініміз де әңгіме қозғады.

Таңертеңгі сағат 8.45-те Семей қаласына келіп жеттік. Алдымыздан қала

әкімінің міндетін атқарушы, қала әкімінің орынбасары, сырдариялық жерлесіміз Қуаныш Әбілдаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебай Құсманұлы және басқа да азаматтар ақжарқын жүзбен, емен-жарқын көңілмен күтіп алды. Уақыт оздырмай «Семей» қонақүйіне апарып орналасырды. Қонақүйдің дәмханасынан ас-суымызды ішіп болысымен қаланың тарихи-мәдени орындарын аралауға шықтық.

Алғашқы болып Құнанбай қажылыққа аттанған еліміздегі ежелгі мешіттердің бірі көпес Тыныбай Қауқенов атындағы мешітпен танысып, зиярат еттік. Іргесі ағаштан тұрғызылған бұл мешіттің көненің көзі екенін көрген жан жазбай таниды. Көпшілік жиналып оқитын намазхана бөлмесі, бас имамның құран оқу, тағы да басқа шағын бөлмелерден тұрады. Жұма намазға келушілер баршылық екен. Бір



қызығы, мешіт іргесінде Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1920 жылы көтерген түйеастың жатқанын көріп, бір-бір сипадық.

Ортамыздағы Сисенби Шермаханов ақсақал «Бұл тастың мұнда жатқаны дұрыс емес екен. Мұны жергілікті басшылыққа айтып, өз алдына музейдің жанына апарып, келушілер назарын аударатындай етіп қойған дұрыс» деп қаланы таныстырып жүрген музей қызметкерлері Нұргүл Дарханқызы мен Мадияр Закимовке өз ұсынысын жеткізді. Олар бұл ұсынысты басшылыққа айтуға уәде берді.

Мұнан соң полигон құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» сәулет-

Осыдан кейін қала ортасындағы есіліп аққан, керіліп жатқан Есіл өзеніне келдік. Оның үстіндегі әлемдегі ең ұзын аспалы көпірді көріп, сәулетіне риза болдық. Өзен жиегінде тұрып оның тамаша табиғатына тандай қағыстық. Кейде екіге айырылып барып қайта қосылып есіле ағып жатыр. Жағасында бой көтерген биік үйлер жарасып-ақ тұр. Асау Сырдарияның бір кездегі қалпы көз алдымызға келгенді күйі кешіп тұрдық. Жастар өзен бетінде моторлы қайықпен жарыса кетіп барады.

Бұдан соң қаладағы Абай музейіне ат басын тіредік. Ақынға тиесілі дүниелердің бәрі осында қойылған. Екі қабатты ғимараттың көркемдігі көз тартады. Алдында ұлы Абай балаларымен биік тұғырда тұр. Ардагерлеріміз құран бағыштап жанында ескерткіш суретке түсті. Кештің қалай батқанын аңдамай да қалдық.

Қызылорда облысының Абай облысындағы өнер күндері аясындағы концертті тамашалау үшін Абай атындағы Семей мемлекеттік қазақ музыкалық драма театрына бет алдық. Қызылордалық өнерпаздарымыз «Сұлу Сырдан – ұлы Абай еліне» атты өнер тартуымен келген. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Абай облысының әкімі Берік Уәли сахна төріне көтеріліп, концертке қатысушыларға лебіздерін жеткізді. Берік Уәли Қызылорда облысының халқына, Абай облысының тарихын, дәстүрін білуге келген ардагерлерге, өнер иелеріне, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевқа алғысын жеткізіп, екі өңірдің қарым-қатынаста болуға дайын екенін ризалықпен айтып өтті.

Н.Нәлібаев Семей облысының 25 жылдан соң Абай облысы болып қайта құрылуымен барша ағайындар құттықтады. Әріптесіне тілектестігін жеткізді. Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл, ұлы Абайдың 180 жылдығына орай Сыр өнерпаздары өнерін тарту етуге келгенін жеткізді. Нұрлыбек Машбекұлы бір нысанның құрылысы Сыр жұртшылығы атынан жүргізілетінін атап өтті. Мұны естіген Абай өңірінің халқы орындарынан тұрып, ұзақ қол соқты.

Екі аймақтың басшылары бір-біріне Қорқыт баба портреті мен Абайдың жаңа бес томдығын тарту етті. Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен Абай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Әліп сахна төріне көтерілді. Қашанда қолға құрметтеген қазақтың жолымен Серік Әбішұлына алдымен сөз берді.

– Құрметті де аса қадірлі ағайындар, бүгін біз Абай еліне, қарт Семей өңіріне Сырдың сазды сәлемін әкелдік. Даладай дарқан пейілмен, қонаққа деген құрметпен қарсы алдыңыздар. Біздің аймақтың ардагерлері Семей өңірінің тарихын тереңнен білуге, дәстүр мен әдеп-ғұрпымызды кеңінен тануға бірге келді. Қызу жұмыстың жүріп жатқанын байқадық. Кәсіпорындардың қалыптасу жұмыс жасап жатқанын да көзбен көрдік. Алла елімізге тыныштық пен абырой берсін! – деді ол.

– Сыр елінен келген қадірлі қонақтар! Мемлекет және қоғам қайраткері, бір кездері Шығыс Қазақстанды басқарған Бердібек Сапарбаев арқылы Сіздердің адалдықтыңызды, іскерліктеріңізді танып білдік. Шындығын айту керек, Семей Өскеменге қараған тұста көңіліміз жабырқап қалғаны шындық. Осы тұста аймақ басшысы Бердібек ініміз Семейді көзіннен таса, назарынан тыс қалдырмады. Қаламыздың әлеуметтік жағдайын көтеруге күш салды. Іскер азаматтың арқасында Семей қаласының ажары таймады, кемелдене түсті. Екі өңір арасындағы байланыс тағы да беки түсті. Осындай туыстығымыз, ағайындылығымыздың іргесі ешқашан ажырамасын! – деп Мұрат Сейсенұлы сөзін аяқтады.

Екі ардагер қазақи жолмен бір-бірінің ығына шапан жапты. Концерт өте жоғары дәрежеде өтті. Оған Парламент депутаттары Н.Байқадамов, Р.Рүстемов, М.Ерғешбаев қатысты.

Сыр өңірінен келген қонақтарға арнайы ас берілді. Сол жерде екі өңірдің басшы азаматтары келелі ойлар мен пайымды пікірлерін айтты.

(жалғасы бар)

Кенжылы ЕРІМБЕТОВ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі



2025 жылға арналған
облыстық бюджет

		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалаларалық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	202 733,8
		025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 550 860,1
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	15 595 582,4
		114	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	13 743 535,4
	13		Басқалар	8 556 305,6
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 644 896,8
		008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	1 644 896,8
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	811 027,7
		058	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	769 240,7
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	41 787,0
	261		Облыстың білім басқармасы	384 961,0
		079	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	384 961,0
	265		Облыстың қоспикерлік және өнеркәсіп басқармасы	2 053 118,0
		011	Қоспикерлік қызметті қолдау	8 710,0
	014		Қоспикерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	1 885 807,0
		015	Қоспикерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру	88 601,0
		082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін қоспикерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру	70 000,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	2 304 829,0
		060	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	324 829,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 980 000,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	862 050,0
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органның резерві	862 050,0
	724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы	176 767,6
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	169 873,6
	003		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 894,0
	768		Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы	318 655,5
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	318 655,5
	14		Борышқа қызмет көрсету	1 852 604,5
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	1 852 604,5
		004	Жергілікті атқарушы органдардың бөлімшесі қызмет көрсету	1 825 522,0
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	27 082,5
	15		Трансферттер	45 941 469,2
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	45 941 469,2
		007	Субвенциялар	44 853 845,0
		011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	853 374,0
		017	Нысаналы максатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	597,2
			Заннаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуіне төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	203 167,0
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	30 486,0
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	71 686 007,7
			Бюджеттік кредиттер	89 532 675,2
	07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	71 324 221,2
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	71 324 221,2
		007	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға кредит беру	30 043 686,0
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	471 014,0
		064	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй сатып алуға кредит беру	40 809 521,2
	10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	18 208 454,0
		741	Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	16 500 000,0
		087	Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдауын үшін ауыл халқына микрокредиттер беруіне кредиттер беру	5 500 000,0
		092	Агроонеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру	11 000 000,0
		299	Облыстың экономика және қаржы басқармасы	1 708 454,0
		009	Мамандардың әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	1 708 454,0
	5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	17 846 667,5
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	17 846 667,5
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	17 832 270,0
		2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	14 397,5
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша салып	1 456 938,9
			Қаржы активтерін сатып алу	1 456 938,9
	13		Басқалар	1 456 938,9
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	180 000,0
		065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	180 000,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	836 938,9
		065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	836 938,9
	265		Облыстың қоспикерлік және өнеркәсіп басқармасы	440 000,0
		065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	440 000,0
	6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-76 628 161,3
			6. Бюджет тапшылығын қаржылауды (профицитін пайдалану)	76 628 161,5
	7		Қарыздар түсімі	88 742 281,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	88 742 281,0
		1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	70 533 827,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	18 208 454,0
	16		Қарыздарды өтеу	14 759 871,5
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	14 759 871,5
		008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	8 351 500,0
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	6 393 974,0
		018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	14 397,5
	8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылмайтын қалдықтары	2 645 752,0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 645 752,0
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 645 752,0

Қай заманда да ата-ана үшін ең үлкен міндет – баласын жақсы азамат етіп тәрбиелеу. Бірақ «жақсы тәрбие» ұғымының мазмұны уақыт өткен сайын өзгеруде. Қазіргі таңда балаға тек әдеп үйрету немесе мектепке дайындау жеткіліксіз. Ол қоғамға бейімделген, өзіндік ойы бар, жауапкершілікті сезіне алатын, адами қасиеттерді бойына сіңірген тұлға болып қалыптасуы керек. Сондықтан да ата-анаға бала тәрбиесінде жаңа тәсілдер, қосымша білім мен шыдамдылық қажет. Бала үшін ең алғашқы ұстаз – ата-анасы. Қандай мектепте қандай кітап оқыса да, баланың мінезі ең алдымен үйдегі ортадан қалыптасады.

БАЛА – ОТБАСЫНЫҢ АЙНАСЫ

Ата-ана баласына көп ақыл айтып қана қоймай, өзі соның үлгісін көрсетуі тиіс. Егер әке шыншыл болмаса, бірақ ұлын адал болуға шақырса, оның сөзі нәтижесіз. Ал анасы телефонға тәуелді болса, бірақ қызын «гаджетке көп қарама» десе, бала оны тыңдамайды. Өйткені балалар сөзге емес, іске сенеді.

Тәрбие беруде әкенің рөлі де ерекше. Әке жауапкершілігі – отбасына тірек болу, ұлға да, қызға да бағыт-бағдар көрсету. Ананың жауапкершілігі – мейірім, қамқорлық пен тәрбие негізін беру. Екеуі бірігіп, үйлесім тапқанда ғана бала дұрыс қалыптасады.

Қазіргі бала – ақпарат ғасырының өкілі. Ол кішкентай кезінен бастап түрлі суреттер, дыбыстар, бейнежазбалар қоршауында өседі. Кейде ата-аналар «біздің кезімізде мұндай болмаған» деп танғалады. Иә, рас, қазіргі балалардың дүниетанымы, қызығушылығы, тіпті көңіл-күйі де басқа.

Мысалы, бұрын бала ойыншықпен ойнаса, қазір ол планшеттен нағыз машина жарысын қызықтайды. Бұл – дамуға кедергі емес, тек ата-анаға қосымша жауапкершілік. Өйткені бала виртуалды әлемге тым беріліп кетсе, шынайы өмірге қызығушылығын жоғалтады.

Жас ерекшелігіне қарай да балалардың психологиясы өзгереді. Мәселен, 3-6 жастағы бала қиялшыл, бәрін білгісі келеді. Ал, 7-12 жаста

еліктегіш, достары мен қарым-қатынасты жоғары қойса, 13-17 жаста өзіндік «менін» іздейді, ата-анамен қақтығыстар жиі болады.

Әр кезеңде ата-ананың баламен байланыс орнату тәсілі де әртүрлі. Тәрбие – қатаң талап қою емес, ол баланың өзін қажет екенін сезінуі. Үй үшін ата-ана баламен жиі сөйлесіп, құшақтап, жылы сөз айтуы керек. Алайда, шексіз еркіндік те, еркелік те зиян. Балаға еркіндікті бере отырып, орынды шектеулер де қоя білу қажет. Шектеулердің мәні мен себебін де түсіндіріп, баланың дербестігін де құрметтеген жөн. Дөрекілік көрсетпей, оны тыңдай білу – ата-ананың парызы. Сол себепті кейде кішкентай ғана әңгіме үлкен мәселеден құтқарады.

Бала бәрін ата-анасы үшін емес, өзі үшін жасауды үйренуі керек. Ол үшін үй шаруасына араластыру, өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік беру маңызды. Мысалы, 3-ке толған балаңызға өз ойыншықтарын жинау, аяқкиімді сөрелерге қою сынды ең оңай жұмыстан бастап, қай түсті киімді кигің келеді дегеннің бәрі маңызды. Себебі, 5-6 жасқа дейін жұмсалмаған баланың жұмыстануға ықыласты болмайтыны анық.

Отбасындағы тәрбие мен мектептегі білім бір-бірін толықтыруы қажет. Егер ата-ана білімге мән бермесе, бала да мектепті жеңіл-желпі қабылдайды.

Кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың да маңызы зор. Телефоннан ақпарат оқыған басқа, кітаптан алған білімнің әсері мүлде бөлек.

Цифрлық ақпараттар мен гаджеттер заманында өмір сүріп жатқандықтан, пайдасымен қатар, зияны да тиіп жатады. Заманауи балаға әсер ететін қауіптер көп. Сондықтан балаларды қажетсіз, тіпті зиянды ақпараттардан барынша алыстатуға тырысқан жөн. Алайда бұл баланы мүлдем гаджетсіз қалдыру деген сөз емес, оның уақытын реттеуді үйрету маңызды. Баланы қандай қосымшаларды пайдаланатынын, оның әлеуметтік желіде нендей контентті көретінін және кімдермен араласатынына қызығушылық танытыңыз. Желіде, мессенджерлерде отыратын адамның барлығы дерлік оған жақсылық ойламауы мүмкін екенін, тіпті ол сөйлесетін құрбы-дос деп жүрген баланың аккаунтының артында мүлдем басқа арам пиғылды адамдар отыруы мүмкін екенін, жеке басына қатысты ақпаратты барынша құпия ұстау қажеттілігін түсіндіру қауіптен құтқарады.

Ата-ана бұл қауіптерді дер кезінде байқап, алдын алуы қажет. Осы орайда, баланы тәрбиелеуде ата-анаға пайдасы тиер практикалық кеңестер ұсынуды жөн санадым. Күн сайын балаңызға кемінде 20-30 минут уақыт бөліңіз, «Қалайсың?», «Көңіл-күйің қалай?», «Күнің қалай өтті?» деген

қарапайым сұрақтарды қойып, әңгімелесуді ұмытпаңыз. Бұл сөздер балада «мен ата-анам үшін маңыздымын» деген ой қалыптастырады. Сондай-ақ қателік жасаса, жазаламай, түсіндіріп көріңіз. Өмірде қателесу қалыпты жағдай екенін, қандай жағдайда да оны қолдайтыныңызды, жақсы көретініңізді айту да маңызды.

Баланың қызығушылығын қолдай отырып, сурет салғысы келсе бояу, спортқа барғысы келсе спорт үйірмесін тауып беріңіз. Интернетті қауіпсіз пайдалануды бірге үйреніңіз. Ашық түрде болмаса да, барынша бақылап жүруге тырысыңыз.

Отбасылық дәстүрлерді сақтаңыз, бірге ас ішу, мерекені атап өту, туған күнде құттықтау. Бұл кейін есейгенде бауырлар арасындағы әдемі сыйластыққа құрылған үрдіске айналады.

Заманауи ата-ана үшін ең басты міндет – баланың жан дүниесін түсіну. Баланың дені сау, ойы ашық, жүрегі мейірімді болып өсуі әр отбасының қолында.

Тәрбие – бір күндік іс емес, үздіксіз процесс. Бүгін айтылған сөз ертеңгі іс-әрекетке айналады. Сол себепті ата-ана балаға тек ақылшы ғана емес, жасашыр дос, сенімді серік бола білуі керек.

Раушан ҚАЖДАНБЕК,
облыстық психологиялық
қолдау орталығының
әдіскер-психологі



ҰСТАЗ ЖАҚҚАН ШЫРАҚ СӨНБЕЙДІ



1973 жылы Жалағаш ауданындағы №119 «Жанаталап» сегізжылдық мектебінің директоры қызметінен «Аққұм» ауылындағы №38 «Шымбөгет» орта мектебіне директор болып ауысып келгенінде Гүлжан Қаниева пионер ұйымының жетекшісі болып қызмет істейді екен. Кешегі кеңес өкіметі заманында 14 жасқа дейінгі оқушылар пионер ұйымының қатарына қабылданып, сол ұйымның ережесімен, тәртібімен жұмыс жасайтын. Оған ұстаздар тарапынан басшылық жасайтын жетекші «аға пионер вожатый» деп аталатын. Ол жұмысты аса бір қызығушылықпен, шын көңілмен, ізденіспен басқарды. Пионер ұйымының атрибуттарын қатаң сақтады. Оқушыларды ізденімпаздыққа, қоғамдық жұмысқа жанашырлықпен қарауға үйретті, үлгілі жетекші болды.

№38 «Шымбөгет» орта мектебі 1976-1977 оқу жылынан облыстың «Үлгі тірек» мектебі аталып табыла бастады. Осы уақытта білікті, ізденімпаз мұғалімдер адал да қажырлы еңбегімен облысқа, елге белгілі болды. Оқушыларға білім мен тәрбие берудегі іс-тәжірибе облыс мектептеріне таратылып, арнайы плакат шығарылды. Облыстық оқу бөлімі мен мұғалімдер білімін жетілдіру институты арнайы шығарылған плакатты облыс мектептеріне таратып, мұғалімдердің іс-тәжірибесін көпке үлгі етіп насихаттады. 1977 жылы мектеп басшыларының облыстық семинары өткізілді. Гүлжан Қаниева осы жұмыстардың бәріне белсене араласты, басықасында болды.

Ол жас ұрпаққа өрелі білім, өнегелі тәрбие беруде 40 жылдан аса уақыт бір ұжымда қызмет етті. Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені, кейіннен педагогикалық институтты бастаушы сыныпты оқыту методикасы мен педагогикасы мамандығы бойынша бітірген.

Жаңа қоғамға лайықты, рухани жаңа дүниесі бай, дүниетанымы, талап-талғамы, білімі мен білігі жоғары тұлға тәрбиелеуде ұстаз еңбегі қашан да ерекше. Кейіннен бастаушы сынып мұғалімдігіне ауысып, ұзақ жыл еңбек етті. Арнаулы орта білім алғаннан соң, педагогикалық оқуда сырттай оқып, оны ойдағыдай аяқтап, өз ісінің жоғары білімді, тәжірибелі маманы болды. Мектепте қоғамдық ұйым басқарды.

Жаны жайсаң, көңілі дарқан, иманды да көркем мінезді, адамгершілігі биік болатын. Қай қызметті де, қоғамдық жұмысты да беріле атқарып, артында өшпестей із тастап, замандастары мен ұрпағына үлгілі-өнегелі тұлғасын сыйлата білді. Ақынжанды, парасатты жанның басшылық қызметі мен отбасындағы тәрбиесі де ел сүйсінетіндей. Елге ақылшы апа атанып, жан-жағына нұрлы шуағын шашып жүруші еді.


Еңбекке деген адалдығымен, ізденімпаздығымен зейнетке шыққанға дейін 1992-2002 жылдары №38 А.Бисенов атындағы орта мектеп директоры қызметін атқарды. Бұл ел тарихында жаңа формацияға ауысқан қиын кезең болды. Сонда да қиыншылықтарға қарамай ұжымды үлкен жетістіктерге бастады.

Педагогтардың конкурстарына, сайыстарына қатысты, «Жыл мұғалімі», «Аға мұғалім» атақтарын алды.

Дүниенің ондаған, жүздеген елінде жас ұрпақ мектепке қарай ағылғанда ол мәңгілік сапарға аттанды. Ұстаз ұлағаты ұмытылмай, шәкірт жүрегінде жағылған шырақтай жарқырап, сәулесін шаша бермек.

Әлихан МЕҢШБАЕВ,
№38 А.Бисенов атындағы орта мектебінің 1973-1982 жылдардағы директоры,
Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озаты

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Кітап – адамзаттың ажырамас рухани досы. Қоғамның, адамның тұрақты дамуына мәдениеттің, кітапхананың тигізер пайдасы зор.

Кітап оқуға ынталандыру және мәдени құндылықтарды халыққа насихаттау мақсатында жыл сайын кітап фестивалі ұйымдастырылып келеді. Биылғы «KitapTime-2025» IV жалпы республикалық кітап фестивалі орталық алаңдағы «Өнер арбатында» өтті. Онда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев республикалық шара Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келгенін айтты.

Мазмұнды шара аясында жергілікті акын, облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы, облыстық «Тұран» сыйлығының иегері Ғазиза Әбділаның жаңа туындысы «Қыр гүлі» атты жыр жинағының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Жәрмеңкеде қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Алаштың анасы» бақыттың қаласы Қызылорда» атты кітап көрмесін таныстырды. Көрмеге «Ақмешіт» музейінде сақтаулы тұрған 1925-1928 жылдары жарық көрген акын-жазушылардың ең алғаш шыққан кітаптары қойылды. Сондай-ақ Қызылорда қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждердің кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда әлем және қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары, балаларға арналған ертегілер мен энциклопедиялық еңбектер паш етілді.

Сонымен қатар, өзге өңірлерден «Қасым», «Сана», «Мазмұндама» баспалары, жергілікті «Атамұра», «Кітап ал» дүкендері өз кітаптарын ұсынып, сатылымға шығарды. Жастар арасында «Qazaqsha quiz» интеллектуалды сайысы өткізіліп, жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар берілді.

Мерекелік шарада оқырмандар қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Одан бөлек, «Үздік кітапхана»,

«Үздік кітапханашы», «Үздік оқырман отбасы» номинациясы табысталды.

Кітап жәрмеңкесіне 1000-ға жуық оқырман келіп, көрмені тамашалады.

Республикалық фестиваль аясындағы шара Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында жалғасты. Облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мынжас пен акын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова кітаптың адам өмірінде алар маңызын айтып, жастарды білімді болуға шақырды.

Шара қонақтары үшін «Кітап – білім бұлағы», «Поэзия рухын қазынасы» атты кітап көрмелері және ұлы Абайдың 180 жылдығына «Абай ауылы» және Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына арналған «Тарих айдынындағы тұлғалар» атты кітап инсталляциялары, колледж студенттері арасында «Өз өлкенді таны!» тақырыбына зияткерлік сайыс, кітап және кітап кейіпкерлері туралы «Coffee&Book» викториналық сұрақтар, балалар арасында «Өлең өрнектеген әлем» поэзия сағаты ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Құрақ құрау – бірігудің белгісі» тақырыбымен шеберлік сабағы, «Бізге ертегі кейіпкерлері қонаққа келді» ертегі кейіпкерлерінің шеруі, «Робот – болашақтың кереметі» роботтар көрмесі және «Робототехника» үйірмесінің мүшелерімен кездесу болды. Адамның ой-өрісінің дамуына ерекше әсер ететін шахмат, дойбы, ұлттық ойын – тоғызқұмалақты ұнататындар үшін де арнайы бұрыш қойылды.

Фестиваль аясында «Аймақтың ата басылымы» тақырыбында облыстық «Сыр бойы» газетінің ұжымымен кездесу ұйымдастырылды. Басылымның шығу тарихы, таралымы, болашақтағы бағыт-бағдары, бүгінгі жур-



налистиканың беталысы туралы еркін форматта әңгіме айтылды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика мамандығының студенттері сұрақтарын қойып, кәсіби мамандардан жауап алды. Сондай-ақ «Сыр бойы» салған сара жол» тақырыбындағы кітап көрмесіне

шолу жасалды. Шараға зиялы қауым мен баспасөз өкілдері, қаламгерлер, ұстаздар, студент жастар мен мектеп оқушылары, кітапхана мамандары мен оқырмандар қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖҮЗ ҚҰРАҚ КӨРПЕШЕ ОРТАЛЫҚ АЛАҢҒА ТӨСЕЛДІ

Қала күні аясында орталық алаңдағы «Өнер арбатына» жүз құрақ көрпеше жайылды. Бұл Сыр аналарының елдің бірлігі мен ынтымағын арттыруға деген ақ пейілінің көрінісі іспеттес.



Мерейтой аясында ұйымдастырылған «Сыр шеберлерінің жұлдыз құрағы» атты мәдени-көпшілік шарада халқымыздың бай мұрасы, ұлт өнері, көлөнер шеберлерінің таланты дәріптелді.

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев мерекеге тарту жасаған Сыр шеберлеріне ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, 100-ден астам шебердің ортақ іске бас біріктіруіне мұрындық болған белгілі көлөнер шебері Ұржамал Жайбергеноваға арнайы Алғыс хат табыстап, құрмет жасады.

Шарада облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық кәсіпін заңдастырып, көлөнерді жаңғыртуға үлес қосқан шеберлердің игі бастамасына сәттілік тіледі.

Ұржамал Әбдібайқызы «Жұлдыз құрағы» ел ішіндегі береке мен бірліктің, шеберлік пен шабыттың символы екенін айтып, қолдау жасаған қала басшылығына алғысын жеткізді.


Шараға белсене қатысып, құрақ көрпешесін сыйға тарт-

қан Сұлу Әбдіразаққызы өнердің сарқылмас қайнар көзіне айналған бұл көлөнер бұйымы әр шаңырақтың төрінен көрінуге тиіс деп есептейді. Бала кезден тігіншілікке қызыққан оның бүгінге дейін қолынан ине-жібі түспеген. Ақ жаулықты кейуана құрақ тігу оңай іс емесін айтады.

— Жалпы, тігін дегеніңіз – тұнып тұрған математика. Оның ішінде құрақ көрпеше тігуде дәлдік, түстердің үйлесімі, шыдам мен төзім керек. Құрақ құрау, біріншіден – өнер, екіншіден – тұрмыстық бұйым, үшіншіден – маталардың қиындылары рәсуа болмасын деп оны да пайдаға жарату ойынан туған, яғни ысырапшылдыққа жол бермеудің керемет әдісі, – дейді ол.

Мәдени шара соңында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев көлөнер шеберлеріне арнайы Алғыс хат табыстады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



АУЫЛДАҒЫ АУДАРМАШЫ

«AMANAT» партиясының «Кітап – AMANAT» партиялық жобасы аясында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, аудармашы Бақтияр Мырзаашпен кездесу өтті. Іс-шараны партияның Сырдария аудандық филиалы мен аудандық кітапхана кітапханашылары бірлесе ұйымдастырды.

Кездесуді «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы, депутаттық фракция жетекшісі Ақтөре Ибрагимұлы жүргізді. Алдымен кеш қонақтары аудармашының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін кітап көрмесімен танысты. Кітапханашы Жанар Оразымбетова көрмеге қойылған автордың кітаптары мен басылымдарда жарияланған мақалалары туралы кеңінен айтып өтті. Әрі қарай іс-шара кітапхананың оқырмандарға арналған үлкен залында аудармашымен кездесумен жалғасты.

— Ең алдымен, Бақтияр Мырзааш ағамызға және бұл

кісінің шығармашылығын құрмет тұтатын, аударма саласындағы еңбегін жоғары бағалайтын бүгінгі кештің қатысушыларына шақыруымызды қабыл алып, келгені үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Бүгін біз Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, аудармашы Бақтияр Мырзааш ағамызды жаңа қырынан танып-біліп, шығармашылығы жөнінде шынайы әңгіме-дүкен құрсак, сырласып, сұхбаттассак, көңілдегі көркем ойды кестелесек, жалпы ағамызды оқырмандарымен жүздестірсек деп мақсат етіп отырмыз. Ендеше, осы іс-шараның өтуіне ұйытқы



болған аудандық кітапхананың кітапханашыларына алғыс айтамын. Біз ақылдаса келе кездесу кешінің атауын «Ауылдан шыққан аудармашы» деп қойдық.

десу кешінің атауын «Ауылдан шыққан аудармашы» деп қойдық.

Ауыл – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған құт қонып, бақ дарыған мекен. Дара дарын иелерінің бәрі дерлік ауылдан шықты. Ауылдан шығып алты Алашқа танылған азаматтардың санына жете алмасымыз анық. Сол шоқтығы биік азаматтардың сапына біздің бүгінгі кейіпкеріміз Бақтияр Мырзааш ағамызды да қосуға болады, – деді Ақтөре Ибрагимұлы.

Бақтияр Мырзааш 1951 жылы Тереңөзек ауданы С.Сейфуллин ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Алматыдағы Байланыс училищесін бітіріп, жанадан құралған С.Сейфуллин совхозында elektrik болып жұмыс істеді. Кейін денсаулығына байланысты жұмыстан босап, ұзақ жыл клуб меңгерушісі болды. Аударма жұмысымен айналысып, жазған дүниелері республикалық, облыстық, аудандық баспа беттерінде жа-

рияланып жүр. Қазір зейнетте. Екі қыз, екі ұл өсіріп, немере сүйіп отыр.

Кездесу барысында қаламгерге бала күнгі арманынан бастап қызығушылықтары, өмір жолы мен еңбек жолындағы қызықты шақтары, ұстаздары, әдеби өмірдегі ізденістері және аударма еңбектері туралы сұрақтар қойылды. Н.Ілиясов ауылының кітапханашысы Сәуле Найзатаева мен Т.Қозыбаев атындағы №131 орта мектебінің мұғалімі Гүлжанар Әбілова аудармашының еңбектерінен үзінді оқыды. Сондай-ақ айтыскер акын Мұхамеджан Мансұров арнау жыр айтып, көпшіліктің алғысына бөленді.

Кездесу соңында кеш иесі іс-шараны ұйымдастырушыларға алғысын айтып, оқырмандарға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ алдағы шығармашылық жоспарын бөлісті.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrbойi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.